

Қорғалжын ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 наурыздағы № 39 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Аудан әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

1. "Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 ақпандағы "2013 жылға Қорғалжын ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін бекіту туралы" № 22 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Ақмола облысы Әділет департаментінде 2013 жылы 23 қазанда № 3850 болып тіркелген) Қорғалжын аудан әкімдігінің 01 қазан 2013 жылғы № 177 қаулысы.

2. "2014 жылға Қорғалжын ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін бекіту туралы" (Ақмола облысы Әділет департаментінде 2014 жылы 20 ақпанда № 4013 болып тіркелген) Қорғалжын аудан әкімдігінің 31 қаңтар 2014 жылғы № 18 қаулысы.

3. "Қорғалжын ауданы бойынша 2014 жылға қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс айқындау, ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерін және олардың қаржыландыру көздерін бекіту туралы" (Ақмола облысы Әділет департаментінде 2014 жылы 20 ақпанда № 4014 болып тіркелген) Қорғалжын аудан әкімдігінің 4 ақпан 2014 жылғы № 19 қаулысы.

4. "2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Ақмола облысы Әділет департаментінде 2014 жылы 17 қыркүйекте № 4353 болып тіркелген) Қорғалжын аудан әкімдігінің 39 тамыз 2014 жылғы № 18 қаулысы.

5. "Қорғалжын ауданы бойынша 2015 жылға қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс айқындау, ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерін және олардың қаржыландыру көздерін бекіту туралы" (Ақмола облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 21 сәуірде № 4762 болып тіркелген) Қорғалжын аудан әкімдігінің 3 сәуір 2015 жылғы № 52 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК